

ҚАЗАНАМА

Шығыс Қазақстан облысына белгілі азамат, құрылыс саласының ардагері, Зайсан ауданының тумасы **Алтынбек Жәкібаев** 80 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Бұл ауыр қаза марқұмның туған-туыстары мен жақындары үшін ғана емес, бүкіл өңір жұртшылығы үшін орны толмас қайғы.



Алтынбек Жәкібаев саналы ғұмырын құрылыс саласына арнап, Шығыс Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы зор нысандар мен ірі ғимараттардың бой көтеруіне үлес қосты.

1969 жылы Қарағанды қаласындағы индустриалды-педагогикалық техникумды тәмамдап, 1972 жылы Өскемен қаласына оралды. Осы уақыттан бастап өңірдің әр ауданында еңбек етіп, кәсіби шеберлігін үздіксіз шыңдады.

Марқұмның еңбек жолы Тарбағатай ауданымен тығыз байланысты. Өлкедегі әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысын жүргізуге атсалысты. Сонымен қатар Таврия ауданында Ново-Азовое ауылындағы 320 орындық мектептің, Бетқұдық ауылындағы 120 орындық мектептің және Таврия елді мекеніндегі ветеринарлық дәріхананың құрылысын жүргізді.

Әр жылдары Марқакөл, Глубокое аудандарында және Өскемен қаласында құрылыс саласында табанды еңбек етті. Қаладағы Пермитин мен Космическая көшелеріндегі тұрғын үйлердің бой көтеруіне елеулі үлес қосып, ірі нысандарды қайта жаңғырту жұмыстарына қатысты.

Алтынбек Жәкібаев қарапайымдылығымен, адал еңбегімен және өз ісіне деген жауапкершілігімен ел арасында зор құрметке ие болды.

1986 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталды. Ал 2006 жылы «Қазақстан Республикасының құрметті құрылысшысы» атағы берілді.

Өз кәсібін адал, ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтың жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:

MARKETING@ALTAINNEWS.KZ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ГДК Альянс» ЖШС Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдау** өткізілетіндігін хабарлайды.

1. Жоба құжаттамасының атауы: «ГДК Альянс» ЖШС үшін әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар.

2. Әсер аумағы: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Жоғарғы Тайынты ауылы.

Нүкте нөмірі	Бойлық	Ендік
1	49° 22' 18.4542»	82° 52' 18.0449»
2	49° 22' 20.4626»	82° 52' 17.1203»
3	49° 22' 21.6320»	82° 52' 23.0871»
4	49° 22' 24.8230»	82° 52' 31.9179»

3. Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 2-наурызда сағат 15.00-де ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Жоғарғы Тайынты ауылы, Бекбосынов к, 25, мектеп ғимараты.

Онлайн тыңдаулар сілтеме бойынша ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өткізіледі: <https://us05web.zoom.us/j/87869437454?pwd=2eSXBKlmtj0a62rjpy4utGUoHNB4CeG.1>

Конференцияны сәйкестендіруші: 878 6943 7454. Қолжетімдік коды: wc4Yur.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГДК Альянс» ЖШС, БСН 180140007987. Мекенжайы: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Мыза к., 13, 209 кабинет, тел: 87052639922, e-mail: alians.gdk@mail.ru.

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефоны: 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Әсер етуге рұқсат алу материалдарын <https://ndbecology.gov.kz/> экологиялық порталында, сондай-ақ ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>. сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «ГДК Альянс» ЖШС, БСН 180140007987. Мекенжайы: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Мыза к., 13, 209 кабинет, тел: 87052639922, e-mail: alians.gdk@mail.ru; «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізуден 3 күннен кеш емес мерзімде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық – g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz және priemnaaya.uprprvko@akimvko.gov.kz; пошталық – Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., К.Либкнехт к., 19. Телефоны 8(7232)25-73-20.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ГДК Альянс» ЖШС Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдау** өткізілетіндігін хабарлайды.

1. Жоба құжаттамасының атауы: «Шыбынды» алтын кен орнын өндіру жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп.

2. Әсер аумағы: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Жоғарғы Тайынты ауылы.

Нүкте нөмірі	Бойлық	Ендік
1	49° 22' 18.4542»	82° 52' 18.0449»
2	49° 22' 20.4626»	82° 52' 17.1203»
3	49° 22' 21.6320»	82° 52' 23.0871»
4	49° 22' 24.8230»	82° 52' 31.9179»

3. Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 2-наурызда сағат 14.00-де ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Жоғарғы Тайынты ауылы, Бекбосынов к, 25, мектеп ғимараты.

Онлайн тыңдаулар сілтеме бойынша ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өткізіледі: <https://us05web.zoom.us/j/84106987636?pwd=8m5BBalUTcXBZB7ZgVGtL83feZJyPZ.1>

Конференцияны сәйкестендіруші: 841 0698 7636. **Қолжетімдік коды:** xvn492.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГДК Альянс» ЖШС, БСН 180140007987. Мекенжайы: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Мыза к., 13, 209 кабинет, тел: 87052639922, e-mail: alians.gdk@mail.ru.

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефон: 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Жоба құжаттамасымен <https://ndbecology.gov.kz/> экологиялық порталында, сондай-ақ ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>. сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «ГДК Альянс» ЖШС, БСН 180140007987. Мекенжайы: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Мыза к., 13, 209 кабинет, тел: 87052639922, e-mail: alians.gdk@mail.ru; «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізуден 3 күннен кеш емес мерзімде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық – g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz және priemnaaya.uprprvko@akimvko.gov.kz; пошталық – Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., К.Либкнехт к., 19. Телефоны 8(7232)25-73-20.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ерлитос» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Шығыс Қазақстан облысындағы Таған-2 кен орнының бентонит саздарын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына эмиссиялар нормативтері жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында **қоғамдық тыңдаулар** өткізу туралы хабарлайды.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: Шығыс Қазақстан облысы, Ақжар ауылдық округі, Жаңалық ауылы.

Әсер ету аумағы және географиялық координаттары: Шығыс Қазақстан облысы, Ақжар ауылдық округі, Жаңалық ауылы 47°31'04.0"С 83°48'17.4"Ш.

Кен орны орталығының географиялық координаттары: 47°30'30.00"С, 83°52'10.00"Ш

Тыңдау **24.02.2026 ж.сағат 15.00-де** Шығыс Қазақстан облысы, Ақжар ауылдық округі, Жаңалық ауылы, Құрманғазы, 1.

Ашық жиналыс пен бейнеконференцияның аралас форматтындағы қоғамдық тыңдаулар.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2VCC0HL9eD6ulUoBshWM3bUvqsMaw.1>

ZOOM конференциясын анықтау: 644 645 7885.

Құпиясөз: z84RkY

Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы тиіс.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы - «Ерлитос» ЖШС, БСН 050240014233, мекенжайы: ҚР, Өскемен қ, Б.Керімбаев к-сі, 21, тел.: 8-777-672-20-67, e-mail: erlitos@mail.ru

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Elementa» ЖШС, БСН: 231040011222, заңды мекенжайы: ҚР, Астана қ., Нұра ауданы, Қорғалжың тасжолы көшесі, 25-үй, 36-пәтер, тел.: 8-700-091-05-27, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ақпараттық жүйенің сайтында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу, жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату туралы қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 8-777-258-86-43 және e-mail: sevekosfera@inbox.ru

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, сондай-ақ ақпараттық жүйе платформасында.

Құтқарушылар боранда адасқан бозанбайлық қойшыны тапты

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Жуықта Ұлан ауданының Бозанбай ауылынан шаруа қожалығының екі жұмысшысы қой жаюға шыққан. Қатты боран мен бағдардың болмауына байланысты, ер адамдар өздігінен кері қайта алмай қалған.

Бірнеше сағаттан кейін шопандардың бірі өздігінен оралды. Екінші ер адамды іздеу жұмыстары жедел түрде ұйымдастырылды.

Іздеу-құтқару жұмыстарына Төтенше жағдай министрлігінің құтқарушылары жоғары өткізгіш техникамен, қарда жүретін моторлы шаналармен, кинологиялық есептермен жұмылдырылды.

Сонымен бірге жергілікті атқарушы орган қызметкерлері мен шаруа қожалығының өкілдері де ат пен жол талғамайтын көліктермен іздеуге атсалысты.

Облыстағы Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының хабарлауынша, 1971 жылы туған шопан Қызылсу учаскесінен, шаруа қожалығының маңынан табылған.

– Құтқарушылар оны қауіпсіз жерге жеткізді. Ер адамға медициналық көмек қажет болмады, – деді облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

ҚАУЛЫ ЖОБАСЫ

Өскемен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 4154 «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 4154 «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Бөлімнің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі бекітеді.»;

14-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1) Өскемен қаласының даму жоспарын әзірлеу, мониторингілеу және түзету.»;

қаулының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Өскемен қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.».

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

А. Ақышов

Өскемен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 4154 «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына толықтырулар енгізу туралы Өскемен қаласы әкімдігінің қаулы жобасына баспасөз-релизі

Өскемен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 4154 «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасы Қазақстан Республикасы «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» қаулысының 7-тарауының 70, 75-тармақтарына сәйкес әзірленді.

Осы нормативтік құқықтық акт «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереженің 7) тармағын жаңа редакцияда «Бөлімнің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі бекітеді» деген редакцияда ұсынды көздейді, сондай-ақ бөлімге қосымша функцияны енгізу: Өскемен қаласының даму жоспарын әзірлеу, мониторингілеу және түзету.

Бұл нормативтік құқықтық акт бюджеттен қаржылық шығындарды қарастырмайды және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды. Реттеушілік әсерге талдау жүргізу талап етілмейді.

Шешім жобасы Өскемен қаласы әкімінің сайтында «Құжаттар» бөлімінде <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/953243?lang=kk> орналастырылған.